

**А.Ж. Аманбаева\*** 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: [aaisaule@mail.ru](mailto:aaisaule@mail.ru)

### **XV-XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ-СИНТАКСИСТІК СТЕРЕОТИПИЯСЫ**

**Аннотация.** Мақалада XV-XVIII ғасырда өмір сүріп, ауыз әдебиетінің үлгісін, жыраулық дәстүрді қалыптастырған, сол кездегі елдің өмірін, мұң-мұқтажын жырға қосып елдің әлеуметтік тұрмысын кейінгі ұрпаққа танытқан Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар сынды жыраулардың поэтикалық мәтіндеріндегі интонациялық-стереотипиялық ерекшеліктерді анықтау зерттеу жұмысының өзектілігі болып отыр. Сондай-ақ зерттеу жұмысында ауызша аудиалды ораторлық өнердің ерекшелігі, ауызша техникалық құралдардың жыраулар поэтикалық өнеріндегі көрінісі мен оны жеткізудегі шеберліктің сонау жыраулар дәстүрінде орын алғандығын дәріптеу негізге алынады. Сондай-ақ интонацияның жыраулар поэтикасындағы өзіндік ерекшеліктері талданып, интонама модельдері ұсынылады. Жүргізілген зерттеудің негізінде жыраулар поэтикасының жанрлық ерекшеліктері, мәселен *өсиет, бата, арнау, үндеу, мадақ, қоштасу, жоқтау, қарғыс* секілді түрлері ажыратылып беріледі. Зерттеу жұмысындағы негізгі мақсаты – жыр арқылы қазақтың танымын кеңейтудегі интонацияның рөлі қандай екенін анықтау. Сондай-ақ әр жыраудың өлеңдеріндегі қайталанған тұстарын (стереотипиясы) салыстыра отырып, не үшін пайдаланғандығын анықтау және жанрлық ерекшеліктерін көрсетіп, интонациялық тұрғыдан талдау жүргізу. Зерттеуде интонацияның жыраулар поэзиясындағы қызметін анықтай отырып, жыраулар поэзиясына тән интонамаларды айқындап, интонама модельдерін ұсыну көзделіп отыр.

**Тірек сөздер:** фонетика, буын, бунақ, интонация, стереотипия, синтаксис, әуен, ырғақ, жанр, жыр.

**А.Ж. Аманбаева\***

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: [aaisaule@mail.ru](mailto:aaisaule@mail.ru)

### **ИНТОНАЦИОННО-СИНТАКСИЧЕСКАЯ СТЕРЕОТИПИЯ ПОЭТИЧЕСКИХ ТЕКСТАХ ЖЫРАУ XV-XVIII ВЕКА**

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы выявления интонационно-стереотипных особенностей в поэтических текстах жырау, таких как Асан Кайгы, Казтуған, Доспамбет, Шалкииз, Жиёмбет, Маргас, Ақтамберды, Умбетей, Бухар, живших в XV-XVIII ВЕКАХ XV-XVIII ВЕКАХ, которые сформировали устную литературу, жыраускую традицию, приобщили к поэзии и социальной жизни того времени. Также в исследовательской работе взяты за основу особенности устного аудиального ораторского искусства, демонстрация словесных технических средств в поэтическом искусстве жырау и популяризация мастерства в его передаче в традициях жырау. Также анализируются специфические особенности интонации в поэтике псалмов, предлагаются модели интоном. На основе проведенного исследования выделены жанровые особенности поэтики жырау, такие как *завет, благословение, посвящение, обращение, похвала, прощание, причитание, проклятие*. Основная цель исследования-выяснить, какова роль

интонации в расширении познания казахов через поэму. А также сопоставить повторяющиеся моменты (стереотипии) в стихах каждого жырау, определить, для чего они использовались, и провести интонационный анализ, демонстрируя жанровые особенности. В исследовании предполагается выявить функцию интонации в поэзии жырау, выявить интонемы, характерные для поэзии жырау, представить модели интонемы.

**Ключевые слова:** фонетика, слог, слог, интонация, стереотипия, синтаксис, мелодия, ритм, жанр, поэма.

**A.Zh.Amanbayeva\***

A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: [AAisaule@mail.ru](mailto:AAisaule@mail.ru)

## INTONATION-SYNTACTIC STEREOTYPE OF ZHYRAU POETRY OF THE XV-XVIII CENTURIES

**Abstract.** In the article, the relevance of the study is to identify intonational and stereotypical features in the poetic texts of such zhyrau as Asan Kayy, Kaztugan, Dospambet, Shalkiyz, Zhiembet, Margas, Aktamberdy, Umbetei, Bukhar, who lived in the XV-XVIII century, formed a model of oral literature, zhyrau traditions, and then showed the life of the country, the social life of the country to the next generation, adding sadness and need to the song. Also, in the research work, the specifics of oral audio oratory art, the manifestation of oral technical means in the poetic art of zhyrau and the mastery of its expression are taken as a basis to glorify the place in the traditions of the distant zhyrau. The specific features of intonation in the poetics of ravines are also analyzed and models of intonations are proposed. Based on the conducted research, genre features of zhyrau poetics are distinguished, such as *commandment, blessing, dedication, appeal, praise, farewell, mourning, and curses*. The main purpose of the research work is to determine what is the role of intonation in expanding the Kazakh knowledge through zhyr. As well as comparing the repeated points (stereotypes) of each zhyrau in his poems, identifying what he used for them, indicating genre features and conducting an intonational analysis. The study aims to identify the function of intonation in the poetry of zhyrau, identify the intonemes characteristic of zhyrau poetry, and propose models of intonations.

**Keywords:** phonetics, syllable, syllable, intonation, stereotype, syntax, melody, rhythm, genre, poem.

### Кіріспе

Жыраулар поэзиясы XV - XVIII ғасырды қамтиды. Халықтың мұң-мұқтажын, мемлекетті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайтын жырларды Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз (1460 - 1565), Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді (1675 - 1768), Үмбетей (1709 - 1778), Бұқар (1668 - 1781) сында жыраулардың жырларынан байқаймыз. Өйткені сол кезеңдері жыраулардың төкпе жырлары ауыздан-ауызға тарап, елдің өміріне, дәстүріне тікелей әсер етіп, халықтың тұрмысын жақсартуға негізделген болатын.

XV-XVIII ғасырды жыраулық дәстүрдің қалыптасқан кезеңі деп айта аламыз. Өйткені біз жыраулар поэзиясынан суырып салмалылықтың, шешендіктің ерекше үлгісінің қалыптасқанын байқаймыз. Жалпы әрбір жырда терең философия жатыр. Жыраулық дәстүрдің сонау ата-бабамыздан келе жатқандығын ескерер болсақ, оны кейінгі ұрпаққа дәріпеу, тіпті дәріптеп қана қоймай санасына сіндіру арқылы жалпы рухани патриотизмге баулу, рухын күшейту қажеттіліктен туындап отыр. Осы орайда жыраулар дәстүрінің астарында «Дала Ілімі» (А.Қодар) теориясының қалыптасатынын да

айтып өтуге болады. Сондай-ақ жыраулар поэзиясында ойды дәл жеткізуге негіз болатын интонацияның қызметін ерекше атап өтуге болады.

Қазақ тіл білімінде «Жыраулар поэзиясының интонациялық ерекшеліктерін» зерттеу жоба аясында қолға алынып отыр. Зерттеуге академик З. Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» (Ахметов, 1973), Р. Сыздықтың «Сөз сазы» (Сыздықова, 1995), Б. Кенжебаевтың «Қазақ өлеңінің құрылысы туралы» (Кенжебаев, 1995), Л. Сауканың «Интонация в сказке» (Саука, 1977), С. Негимовтың «Ритмико-интонационное обогащение стиха в казахской поэзии» (Негимов, 1989), Қ. Жаңабаевтың «Поэтическая система произведений жырау XV-XVIII веков в контексте методологических проблем переводоведения» атты еңбектері негізге алынды. Жыраулар поэзиясының интонациясын зерттеу үшін ең алдымен интонация жайында зерттелген шет тіл біліміндегі еңбектерге тоқталу қажет. Шет тіл білімінде Дж. Л. Остин (Austin, 1962) мен Дж. Сирлдің (Searle, 1969) сөйлеу актісінің интонациясы жайындағы зерттеулер және В.А. Артемовтің «Экспериментальная фонетика» (Артемов, 1956) және А.М. Пешковскийдің «Интонация и грамматика» (Пешковский, 1959) Л.К. Цеплитстің «Анализ речевой интонаций» (Цеплитис, 1974) атты еңбектері қаралды.

### **Материал және әдістер**

Қазіргі таңда ғылым салаларының дамуының нәтижесінде сегментті бөлшектермен қатар күрделі просодикалық негізде интонология саласы пайда болды. Интонацияны кейде просодика немесе просодия деп те атаймыз (Бондарко және т.б., 2000: 123). Ең алдымен, «просодика» мен «интонация» бір ұғымды білдіргенмен, өзара іштей айырмашылықтары байқалады. «Просодика» кеңірек ұғымды беріп, буын, сөз, ритмикалық топ, синтагма, сөйлесім деңгейінде болса, интонация синтагма мен сөйлесімді (высказывание) қамтиды. Просодика мен интонация хабардың не туралы, кім айтқандығы және қайда, кімге арнап айтылғандығы жөнінде мәлімет береді. Яғни интонация – сөйлесімнің құрылуымен бірге туындайтын құбылыс. Осы жөнінде Н.Д. Светозарова: «Интонация – наиболее обычное, простейшее и всегда присутствующее средство создания высказывания», – дейді (Светозарова, 1982: 15).

Бұрын тіліміздегі ең кіші сегментті бөлшек ретінде – фонеманы танысақ, уақыт өте келе сөйлемдердің, мәтіндердің суперсегментті фонетика саласына көтерілгенін, жеке сала ретінде қалыптасқандығы байқалады. Қазіргі қазақ тіл білімінде интонация саласындағы зерттеу жұмыстары әлі де болса аз, жан-жақты әр қырынан зерттеу қажет. Суперсегментті фонетика, яғни интонация саласын зерттеушілердің қатарында: И.Г. Торсуева, Л.К. Цеплитис, В.А. Артемов, Л.В. Бондарко (Бондарко, 1977), Е.А. Брызгунова, Т.М. Николаева, Н.Д. Светозарова болса, қазақ тіл білімінде: З. Базарбаева (Базарбаева, 2002) Ә. Нұрмаханова, Н.Т. Түркбенбаев, Б. Мурзалина, А. Фазылжанова, И. Баймұратова, Ж. Кеншінбаева т.б. ғалымдарды атауға болады.

Интонация – күрделі құбылыс. Зерттеушілердің тәжірибелеріне сүйенер болсақ, дыбыстан бұрын интонация пайда болған. Оған хайуанаттардың дауыс интонациясының құбылуы арқылы қарым-қатынас жасауы дәлел бола алады. Интонацияны адамдардың қарым-қатынасындағы ең алғашқы құралы ретінде онтогенез көрсеткіштері анықтап отырғаны белгілі. Мысалы, жаңа туған нәресте анасының дауысына қарап, сөз мағынасын түсінбесе де, дауыс ырғағын, сөздің интонациясын ұға бастайды. Оған біреу қатты сөйлесе, иегін кемсендетіп, еркелетіп сөйлесе езу тартып күлетіні белгілі. Сондықтан бұл сала – адам сезімі арқылы дауыс ырғағына байланысты қалыптасатын күрделі құбылыс (Базарбаева, 2002: 3). Ең алғаш рет қазақ тіл білімінде интонацияның ерекшелігін ғалым А. Байтұрсынов «өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, қайырылып отырады» – деп дәл бейнелеп, қазақ тілінде екпіннің соңғы буынға түсетінін және өлеңдегі сөз ырғақтарының үстіне өлеңнің өз ырғақтары қосылып, оған жорғақ деген атау береді (Байтұрсынов, 1992). Ал А.М. Пешковский: «Кісі сезімін сөз арқылы жеткізу мүмкін емес, оны тек интонация арқылы ғана беруге болады» – деп, сөзден гөрі интонацияның

атқаратын қызметінің маңызды екенін көрсетеді (Пешковский, 1959: 179). Яғни интонация адамдардың қарым-қатынасы кезінде, сөйлеу процесімен қатар жүріп, үлкен орын алады. Бір сөздің айтылу интонациясына қарап, қандай сезіммен айтылып тұрғандығын ажырата аламыз. Басқа тілдер сияқты қазақ тілінде интонацияның атқаратын қызметі өте зор. Осы орайда Ә.Н. Нұрмаханова интонацияны сөйлеммен бірге өмір сүретін, синтаксистің негізгі тарауы ретінде қарастырып: «Интонация сөйлемге жан бітіріп қана қоймай, адамның ішкі дүниесін, сезімін, көңіл-күйін дәл білдіруге тікелей қатысады, және оның қарым-қатынастық қызметін күшейтеді, әрі сөйлемді тиянақтап қана қоймай, оны түрлерге бөліп, бірінен-бірін ажыратады» – дейді (Нұрмаханова, 1971: 158).

Қазақ тіл білімінің интонация проблемасын арнайы сөз еткен ғалым Ә. Нұрмаханованың еңбегінде: «Интонация – дауыс сазының бірде көтеріңкі жоғарылап, бірде төмендеп бәсеңдеуі. Іркіліс, тембр, екпін, сөзді айтуға кететін уақыт, дауыс ырғағы, күші, әуені, қарқыны, диапазоны т.б. компоненттер интонацияның физикалық құрамына кіреді», – дейді де, интонацияны синтаксистің бір бөлігі ретінде қарастырып, «сөйлемнің өзі де, сан алуан түрлері де интонациясыз өмір сүре алмайды», – дейді (Сыздықова, 2000: 11). Сондай-ақ академик Р. Сыздық: «Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі», – дейді де: «Сөйлеу мәнерінің өзі біркелкі болмайды. Оның көтеріңкі, салтанатты үнмен және жай үнмен айтылуы бар. Салтанатты үнде кейбір сөздерді әдейі бөліп айту немесе созып айту, кейде тіпті толық әуенмен айтқандай, әрбір сөзді нақпа-нақтап дыбыстау орын алады», – деп көрсетеді (Сыздықова, 2000).

Алғаш рет интонация құбылысын түбегейлі зерттеп, қазақ тіл біліміндегі көрінісін жан-жақты зерттеген ғалым – академик З. Базарбаева. Ғалым интонацияның негізгі компоненттеріне – әуен (мелодика), үдемелік (интенсивность), қарқын (темп), кідіріс (пауза), ырғақ (ритм), екпін, дауыс реңкі (тембр) жатқызады да, қазақ тілінде 8 интонема бар екенін эксперименттік зерттеу жүргізу барысында анықтаған. Олар: 1. Тиянақты интонема. 2. Тиянақсыз интонема. 3. Жалпы сұрақтың интонемасы. 4. Арнаулы сұрақ интонемасы. 5. Қатал бұйрықты интонемасы. 6. Сыпайы бұйрықты интонемасы. 7. Лепті сөйлемдердің интонемасы. 8. Қыстырма сегменттердің интонемасы (Базарбаева, 2002). Ғалым поэзия тілінің интонациясын зерттеу барысында «силлабикалық жүйелі ырғақты топтар поэзия тілінің ұқсастық заңдылықтарына икемделіп, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, гармониялық көркемдікпен ерекше түзіледі» – деген ой айтады. Сондай-ақ ғалым З.М. Базарбаева «поэзиядағы ырғақты топтардың түзілуінде, қайталауында, үйлесуінде белгілі тәртіп, жүйе болады, соның бәрі интонацияда көрініс табады» - деп поэзия жанрындағы интонациялық көріністерді ашып береді. Жыраулар поэзиясы ұйқасқа құрылған, сарынында өзіндік интонациясы, яғни ырғағы (ритм), әуені, дауыс үдемелігі бар. Өйткені жыраулық дәстүрде қалыптасқан жырдың өлең құрылысы, яғни буын, бунақ, тармақ, шумағы ерекше сарында, терең мағынада көрініс табады. Қазақ поэзиясының құрылысы мен ондағы ұйқас пен поэтикалық мәтіндерге тән ырғақ мәселесін зерттеген ғалым – академик З. Ахметов. Ғалым «қай елдің поэзиясында болсын өлеңдегі ырғақты туғызатын – өлең сөздің қайталанып келіп отыратын мөлшерлі бөлшектері десек, қазақ поэзиясында ырғақ туғызатын – өлең сөздің буын саны тұрақты бөлшектері» деген ой айтады (Ахметов, 1973). Сонымен қатар ғалымның зерттеуінде өлеңнің құрылысы мен ұйқастың түрлері жан-жақты талданып беріледі. Яғни ғалым шалыс, кезектес, аралас, шұбыртпалы, қара өлең және егіз ұйқас түрлеріне *қаусырмалы* немесе *орама* ұйқасты қосады. Осы орайда ғалым С. Негимов: «Әрине, поэзияда ой образдылықтан ұйқасты бөліп алып қарауға болмайтыны белгілі. Өйткені ойсыз тек сыңғырлаған ұйқас поэзия болмайды. Ал белгілі бір ойды бейнелі түрде жеткізуге ұйқастың атқаратын міндеті өте күшті» – деп ұйқастың поэзиядағы ролін ашып береді (Негимов, 1991).

Әдетте өлең құрылысы буыннан, бунақтан, тармақтан шумақтан тұрады дейтін болсақ, ал суырып салмалылықтан туындайтын жыраулар поэтикасының ерекшелігі

шумақтан да көлемді түйдектен тұрады екен. Яғни жыраулар поэзиясының *шумақ* түрінде емес *түйдек* түрінде берілуінің өзі синтаксистік-интонациялық тұрғыдан ерекшеленетінін көрсетеді.

### Әдебиетке шолу

Интонацияны зерттеу өте ерте заманнан бастау алады. Байырғы кезде интонация туралы айтқанда, оны шешендердің сөздерімен, жыраулар мен сахна өнерімен байланысты қарастырған. Интонация жайында, әсіресе сөйлеу актісіндегі *әуен*, *ырғақ*, *қарқын* жөніндегі ең алғашқы дерек Греция мен Римде кездеседі. Қазақ тіл білімінде суперсегментті фонетика, яғни интонация жөнінде 1920 – 1930 жылдары алғаш рет өз пікірін білдірген А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов болатын. Одан кейін де С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев, Ә. Нұрмаханова, З. Базарбаева сынды ғалымдарымыз интонацияның сан қырлылығын аша түсіп, ой-тұжырымдарын танытып отырды.

Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы интонация жайында ой қозғап, интонацияның ерекше сипатын: «Сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып ұнамды құрылуынан болады. Оларды айтқанда дауыстың көтеріліп, төмендеп әнше оралып отыратынын, «кілемге салған түрдей» деп өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, қайырылып отырады» – деп көрсетеді. Сондай-ақ ғалым қазақ тілінде екпін француз тілдеріндегідей сөздің соңына түсетінін айтады.

### Нәтижелер мен талқылау

Ең алғаш рет тіл жүйесін және өлең өрнектерін зерттеп, ырғақты топтарға «бунақ» деп, өлең жолдарына «тармақ» деген атау берген Ахмет Байтұрсынұлы еді. Осы орайда А. Байтұрсынұлы өлең кестесінің, өлең айшықтарының әртүрлі болып келетінін, олардың бір шумақты да, көп шумақты да болып келетінін айтып, Мағжан Жұмабаев пен Абай Құнанбаевтан мысал келтіреді. Сондай-ақ шумақтың бірнеше тармақтан тұратынын, әр тармақта бірнеше бунақ болатынын және сол бунақ бірнеше буыннан құрылатынын да ең алғаш айтқан А. Байтұрсынұлы болатын. Яғни поэзия жанрындағы қай жырды алсаңыз да буыннан, бунақтан, тармақтан, шумақтан тұрады. Поэзия жанрындағы өлеңдердің ішінен көлемді формалы тақпақтарға көп тармақты толғаулар мен жырларды жатқызамыз. Жалпы көп шумақты өлеңдер жеті - сегіз буынды немесе он бір буынды болып келеді.

Осы орайда XV - XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясынан Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жыраудың шығармаларының интонациялық ерекшелігін анықтау қажеттілігі туындап отыр. Жыраулар поэзиясы жеті - сегіз буыннан тұрып, әрбір жырда өзіндік стиль қалыптасқан. Жыр көбінесе бір шумақты, көп тармақты болып келеді. Сондай-ақ жыр *өсиет*, *бата*, *арнау*, *үндеу*, *мадақ*, *қоштасу*, *жоқтау*, *қарғыс* сияқты жанрлардан тұрады.

Жыраулар поэзиясында синтаксистік параллелизм, дыбыс үндесулері, ішкі ұйқасқа құрылған өрнектер жырдың өн бойында көрінеді. Арнау түріндегі сөз қолданыстар да бар. Жыраулар өз поэзиясында терең философиялық ойды бейнелеу үшін өлеңдерінде ұйқас, ырғақты өзінің мақсатын орындауға ұтымды қолдана білген. Жыраулар поэзиясы ауызша шешендік өнердің бір түрі ретінде тарағандықтан, жырдың өзіндік интонациясы көрініс табады. Әрбір жыраудың жырында бір-біріне ұқсамайтын интонация үлгілері (модель) бар. Яғни интонация компоненттері әуені, қарқыны, үдемелігі, ұзақтылық, кідіріс жырдың мағынасына, құрылымына, мақсатына қарай көрініс табады. Осы орайда жыраулар поэзиясының интонациялық ерекшелігін анықтау мақсатында XV - XVIII ғасырдағы жыраулардың өлеңдерін талдап көрелік.

Мысалы: *Ақтамбеді жыраудың* сегіз буыннан тұратын өлеңінде:

< *Дұшпаннаң* ↑ *гәргөн гөрлұғым* > ↓

< *Сап'су* → *болдұ жүрөкке,..* > ↓

< *Он жетіде* → *құрсанып*, < ↑

< Қылыш ілдім → білекке. > ↓

< Жауға → зарай аттандым > ↑

< Жеткіз → деп құдай тілекке! < ↓ (Бес ғасыр жырлайды, 1989) – деп елін, жерін қорғаудағы отансүйгіштік қасиеті көтеріңкі тоналды деңгейде тиянақсыз интонамамен берілсе, ал ойдың аяқталғандығын білдіретін тармақ тиянақты интонамамен бәсең айтылады. Бұл жыр жолдарында әрбір тармақтың басында үдемелік күшейіп, соңына қарай бәсеңдеп, әуенмен қатар көрініс тапқан. Сол сияқты «Түйе мойнын тұз кесер» деп басталатын өлеңін қарастыратын болсақ, жыр жолдарының көбісі тиянақты, яғни бәсең айтылу басым. Мысалы:

< Түйе мойнұн → тұз гесер, > ↓

< Жігіт мойнұн → қыз гесер, > ↓

< Сартылдаған → сар'айаз, < ↑

< Жылқының мойнұн мұз гесер. > ↓

< Бұлан да бұлан, ↑ бұлан сан, < ↑

< Бұланның → санын оқ тесер. > ↓

< Бұлаңдап → жүргөн жігіттің < ↑

< Жомарт қолұн ↑ жоқ кесер! > ↓

Бұл жырдан байқалатыны көбінесе көтеріңкі интонама емес, бәсең интонамамен айту басым көрініс тапқын. Сондай-ақ Ақтамберді жырау өлеңдерінде лепті сөйлем интонациясы көрініс табады. Мысалы:

< Күлдүр де → күлдүр кіс'нетіп, < ↑

< Күрөңді → мінер ме екеміз, > ↓

< Күдеріден бау → тағып, < ↑

< Ақ кіреуке → кійер ме екеміз! > ↑

< Жағасы алтын, → жеңі жез, < ↑

< Шығыршығы → торғай көз < →

< Сауыт → кійер ме екеміз! > ↑

< Ор қойандай жүгүнтіп, < ↑

< Аш күзөңдей бүгүлтүп, < ↑

< Жолбарыстай шұбарды →

< Таңдап мінер ме екеміз!... > ↑

< Қол төңкерер ме екеміз! – > ↑ (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

Жырдың әрбір тармағы бірқалыпты басталып, көтеріңкі тоналды деңгейде лепті сөйлеммен беріледі. Дауыс үдемелігі де әр тармақтың басында күшейіп, тиянақты интонамамен айтылғанда бәсеңдейді. Өлеңде үндеу мағынасында, яғни жігерлендіру, патриоттық сезімін ояту басым.

Сондай-ақ жырда бір сөздің қайталанып отыруы көрініс тапқан. Мысалы, «Жағалбай деген ел болар» деп басталатын жыр жолдарында, «болар» сөзі бірнеше рет қайталанып, тиянақты интонамамен бәсең айтылады:

< Жағалбай деген → ел болар > ↓,

< Жағалтай деген → көл болар > ↓,

< Жағалтайдың жағасы < ↑

< Жасыл да байтақ → нұу болар. > ↓

< Атадан алтау тұғанның < ↑

< Жүрөгүнүң бастары < ↑

< Алтын менен → бұу болар. > ↓

< Атадан жалғыз тұғанның < ↑

< Жүрөгүнүң бастары < ↑

< Сары да жалқын → сұу болар, > ↓

< Жалғыздық сені → қайтейін! < ↑

Бұл өлеңде жыраудың терең толғанысы жатыр. Әсіресе жалғыздық ұғымының астарлы мағынасы өлеңде ашылып берілген. Интонациялық жағынан әрбір тармақтың басында әуені көтеріңкі боп, үдемелігі күшейе түссе, ал соңына қарай бәсеңдеп, ойдың аяқталғандығын білдіреді.

Ал *Асан қайғының* жеті буыннан тұратын жырында:

< *Көлдө → жүргөн қоңұр ғаз* > ↓

< *Қыр → қадірін → не білсін!* < ↑

< *Қырда → жүргөн дуадық* > →

< *Су → қадірін не білсін!* < ↑

< *Ауылдағы жамандар →* >

< *Ел қадірін не білсін!* < ↑ – (Бес ғасыр жырлайды, 1989) деп лепті сөйлем интонациясы арқылы ренішін «не білсін!» деп ерекше лепті сөйлем интонемасымен, яғни тиянақсы көтеріңкі тоналды деңгейде айтқандығы байқалады.

Ал *Бұқар жырау* өлеңдерінің интонациясына келер болсақ, көбінесе көтеріңкі-бәсең әуенмен айтылып, елінің тұрмыс-тіршілігі, халықтың жағдайы тиянақты интонемамен, бәсең айтылғандығы анық байқалады. Басқа жыр жолдарымен салыстырар болсақ, мұнда әрбір тармақтың ортасында бірқалыпты тоналды деңгейде айтылып, бірінші тармақ тиянақсыз, екінші тармақта тоналды деңгейі бәсеңдеп, тиянақты интонемамен айтылады да, сонан кейінгі тармақтарда әр тармақ кезектесіп, тиянақсыз-тиянақты боп кілемге салған ою секілді өрнек құрады. Мысалы:

< *Бағанал'орда, ↑ баст'орда* > ↑

< *Байсал орда → қоңған жұрт* > ↓

< *Қара түлкү → қармалжық* < ↑

< *Қас сыпайы → кійген жұрт* > ↓

< *Ақсары атан → аспалап,* < ↑

< *Ел жайлауға → шыққан жұрт,* > ↓

< *Хақтың жолұн → күзөтпей,* < ↑

< *Жамандықты ↑ ұққан жұрт,* > ↓

< *Бас, айағың ↑ бай болып,* < ↑

< *Бәсеке дәурен → сүргөн жұрт...* > ↓ (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

Бұқар жыраудың бұл өлеңінің мағынасына үңілер болсақ, «жұрт» сөзінің астарында халықтың мұң-мұқтажы анық көрінеді. Ал интонациялық жағынан қарайтын болсақ, «жұрт» сөзінің тиянақты, бәсең интонемамен айтылуының өзі сол кездегі елдің әлеуметтік жағдайын көрсетіп, сөз басында тиянақсыз интонемамен көрініп, шумақтың екінші тармағанда «жұрт» сөзі жиі қайталанып (стереотипия) беріледі де, тиянақты ойды білдіріп, көтеріңкі-бәсең интонемамен айтылады. Сол сияқты төменде берілген жыр болдарында да Бұқар жырау «немене» деген сөзді қайталау арқылы айтар ойын тиянақтап отырады. Мысалы:

< *Алыстан → қызыл гөрүнсе,* < ↑

< *Манат емей → немене* > ↓

< *Көтөрүліп ↑ ұшқан соң,* < ↑

< *Қанат емей → немене,* > ↓

< *Екі жақсы → бас қосса,* < ↑

< *Санат емей ↑ немене.* > ↓

< *Қамшылатып жүгүрген,* < ↑

< *Шабан емей ↑ немене.* > ↓

< *Айтқан сөзгө → түспеген,* < ↑

< *Жаман емей ↑ немене.* > ↓ (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

Бұқар жыраудың жырын зерттеу барысында, әрбір тармақта әуені көтеріңкі – бәсең боп, кезектесіп беріледі.

Бұқар жыраудың өлеңдерінің ішінен интонациялық жағынан ерекшеленіп айтылатын тұстарын да байқаймыз. Мысалы:

- < *Үй сыртында* → *ақра тау*, > →  
 < *Панасы жоқ болса*, < ↑  
 < *Бұл шіркіннің несі тау*. > ↓  
 < *Кетеген болса* ↑ *түйең жсау*, > ↓  
 < *Тебеген болса* ↑ *бйең жсау*, > ↓  
 < *Ұрұсқақ болса* ↑ *ұлұң жсау*, > ↓  
 < *Керіскек болса* ↑ *келінің жсау*. > ↓

- деген жыр жолдарында басқа жырауларға қарағанда интонациялық жағынан өзгешелік байқалады. Мұнда бірінші тармақ бірқалыпты әуенмен айтылып, екінші тармақта тоналды деңгейі жоғарлап, сонан кейінгі тармақтардың басында ғана әуені көтеріліп, соңына қарай бәсеңдей түскен. Яғни белгілі бір ойдың аяқталғандығын көрсетеді. Бұл өлең жолдарында да «жау» сөзі жиі қайталанған.

Сол сияқты *Қазтуған жыраудың* «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын өлең жырларында да «жұрт» сөзі қайталанып, тиянақты, яғни бәсең интонемамен айтылады. Мысалы,

- < *Алаң да алаң*, → *алаң жұрт* > ↓  
 < *Ақала ордам* ↑ *қоңған жұрт*, > ↓  
 < *Атамыз біздің бұ* → *Сүйүнүш* < ↑  
 < *Күйөу болып* → *барған жұрт* > ↓  
 < *Анамыз біздің Бозтұған* < ↑  
 < *Келіншек болұп* → *түскөн жұрт*. > ↓  
 < *Қарғадай мынау* →  
 < *Қазтұған батыр тұған жұрт*, < ↓  
 < *Кіндігімді кескен жұрт* > ↓  
 < *Кір-қоңұмды жұған жұрт...* > ↓

Бұл өлең жолдарында да Қазтуған жырау «жұрт» сөзін қайталау арқылы тиянақты-тиянақсыз интонема арқылы «жұрт» сөзінің мағынасының тереңде жатқандығын көрсетіп отыр. Яғни «жұрт» сөзінің астарында сол кездегі елдің өмірі мен тіршілігі көрінеді. Әр тармақта интонема бірқалыпты басталып, аяғына қарай біресе көтеріңкі, біресе бәсең интонемамен айтылады.

Ал енді *Шалкиіз жыраудың* өлеңдеріне келер болсақ,

- < *Жел, жел есер, жел есер*, > →  
 < *Жел астына гарасам*, < ↑  
 < *Қоға менен* → *тал өсөр*. > ↓  
 < *Ораздының ұлы өсөр*, > ↓  
 < *Жыйырлының қызы өсөр*. > ↓  
 < *Кенелейін деген жігіттің* < ↑  
 < *Жылқы ішінде* → *екі арғымағы тел өсөр*, > ↓  
 < *Сүйөнейін деген жігіттің* < ↑  
 < *Сүбөде алтау-жетеу* → *ағайыны тең өсөр!* > ↓

- деген өлеңнің алғашқы тармағы бірқалыпты интонемамен айтылып, екінші тармағында тиянақсыз, яғни тоналды деңгейінің көтерілуі байқалса, ал онан кейінгі тармақтарда әуен көрсеткішінің бәсеңдеуі ойдың аяқталғандығын білдіреді. Дауыс үдемелігі әрбір тармақтың басында күшейіп, соңына қарай бірде бәсеңдеп, бірде күшейіп айтылады. Мұнда «өсөр» сөзінің қайталанатындығы байқалады.

### Қорытынды

Жалпы поэзия жанры ұйқасқа, ырғаққа негізделетінін ескерер болсақ, XV - XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясының да интонациялық жағынан ерекшеленетін тұстарын



байқауға болады. Мысалы, жалпы поэзияда төрт тармақтан тұратын, белгілі бір ойды тиянақтап тұратын шумақтың болатынын ескерер болса, ал жыраулар поэзиясының ерекшелігі бірі-біріне ұласып отыратын тұтас ойдан құрылған жырдың көрініс табатыны байқалады.

Көп шумақты немесе көп тармақты толғаулар мен жырлар синтаксистік құрылымы жағынан хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлем түрінде берілген. Жыр жолдарында интонация интонемаларының барлығы (тиянақты, тиянақсыз, жалпы сұрақ интонемасы, арнаулы сұрақ интонемасы, қатал бұйрықты интонемасы, сыпайы бұйрықты интонемасы, лепті сөйлем интонемасы, қыстырма сегмент интонемасы) көрініс тапқандығы байқалады. Өлеңге тән әрбір тармақтың буындарының саны реттеліп, дыбыстары үйлесіп, интонацияның барлық компоненттері (әуен, қарқын, кідіріс, үдемелік, ұзақтылық) толықтай көрінеді.

Зерттеуге Ақтамберді, Асан қайғы, Бұқар жырау, Қазтуған, Шалкиіз жыраудың жырлары негізге алынып, интонациялық жағынан ерекшелігі көрсетілді. Жырда көрініс табатын интонациялық ерекшеліктері, оның ішінде әуені мен дауыс үдемелігі ашылып берілді. Жыраулар поэзиясында қайталанып (стереотепия) жататын тіркестердің көп екендігі байқалады. Бұл қайталаулар жай қайталау емес, жыраулар поэзиясына тән ерекшелік болып табылады. Қайсібір жыраудың жыр жолдарын алып қарасаңыз да көбінесе жеті-сегіз буыннан тұрып, өзіне тән ұйқастың орын алатындығы және өзіндік интонемалары көрініс табатындығы салыстыру барысында байқалады. Мысалы, Ақтамберді, Асан қайғы, Шалкиіз жыраудың жырларында көбіне лепті сөйлем интонемалары көрініс тапса, ал Бұқар жырау, Қазтуған жыраудың жырларында тиянақты және тиянақсыз интонамаға негізделгендігі байқалады. Сондай-ақ жыраулар поэзиясының қайсібірін алсаңыз да интонациялық, мағыналық жағынан ерекшеленіп, әр жыраудың өзіне тән стилі көрінеді.

Қорыта келе айтарымыз, жыраулар поэзиясының интонациясын зерттеу арқылы біз кейінгі жастарға жыраулардың жырларын насихаттап, мәнерлі етіп орындауға, ұлттық дәстүріміз бен құндылығымызды дәріптеуге негіз болады деген ойдамыз.

Ұсынылып отырған мақала «*XV - XVIII ғ. ғ. жыраулар поэзиясы құрылымының көркемдік сипатын, "формулалық" стилистикасы мен грамматикасын зерттеу*» (Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бағдарламасы бойынша, [ЖТН АР09261377]) атты гранттық қаржыландыру бағдарлама аясында жазылып отыр.

## Әдебиеттер

- Ахметов З. (1973) Өлең сөздің теориясы [Текст]: оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1973. - 212 б.
- Сыздықова Р. (1995) Сөз сазы [Мәтін]: сөзді дұрыс айту нормалары, – Алматы: Санат, 1995. - 119 б.
- Кенжебаев Б. (1955) Қазақ өлеңнің құрылысы туралы. – А., 1955.
- Саука Л. (1977) Интонация в сказке // В кн.: Фольклор. Поэтическая система. – М.: Наука, 1977. С.227.
- Негимов С. (1989) Ритмико-интонационное обогащение стиха в казахской поэзии // В кн.: Исследования по истории и семантике стиха. - Караганда, 1989. - С. 79.
- Austin J.L (1962) how to do things vith words. – Cambridgt 1962
- Searle J. (1969) Speech acts Cambridgt. 1969.
- Артемов В.А. (1956) Экспериментальная фонетика. – М.: 1956. – 227с.
- Пешковский А.М. (1959) Интонация и грамматика // Избранные труды. – М.: 1959. – 453с.
- Цеплитис Л.К. (1974) Анализ речевой интонаций. – Рига: Зинатне, 1974 – 270с.

- Бондарко Л.В., Вербицкая Л.А., Гордина М.В. (2000) Основы общей фонетики. – Санкт-Петербург: 2000. – 160б.
- Светозарова Н.Д. (1982) Интонационная система русского языка. – Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1982. –173б.
- Бондарко Л.В. (1977) Звуковой строй современного русского языка. – М.: 1977. – 175с.
- Базарбаева З.М. (2002) Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері. – Алматы: Комплекс, 2002. – 202б.
- Байтұрсынов А. (1992) Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448б.
- Нұрмаханова Ә.Н. (1971) Түркі тілдердің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 290 б.
- Сыздықова Р. (2000) Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532б.
- Негимов С. (1991) Ақын-жыраулар тілінің бейнелілігі. – Алматы: Ғылым. 1991. - 200 б.
- Бес ғасыр жырлайды. (1989) – Алматы, 1989 ж. - 384 б.

### References

- Ahmetov Z. (1973) Olen sozdin teorijasy [Text]: oku kuraly. – Almaty: Mektep, 1973. - 212 b. [Akhmetov Z. (1973) Theory of the word in verse [Text]: a textbook. - Almaty: School, 1973. - 212 p.] (in Kazakh)
- Syzdykova R. (1995) Soz sazy [Mətin]: sozdi durys ajtu normalary, – Almaty: Sanat, 1995. - 119 b. [Syzdykova R. (1995) Music of the word [text]: norms of correct pronunciation of the word, – Almaty: Category, 1995. - 119 p.] (in Kazakh)
- Kenzhebaev B. (1955) Qazaq olenin kurylysy turaly. – A., 1955. [Kenzhebaev B. (1955) On the construction of the Kazakh poem. – A., 1955.] (in Kazakh)
- Sauka L. (1977) Intonacija v skazke // V kn.: Fol'klor. Pojeticheskaja sistema. – M.: Nauka, 1977. S.227. [Sauka L. (1977) intonation in the story // in KN.: Folklore. The poetic system. – M.: Nauka, 1977. P. 22] (in Russian)
- Negimov S. (1989) Ritmiko-intonacionnoe obogashhenie stiha v kazahskoj poezii // V kn.: Issledovanija po istorii i semantike stiha. - Karaganda, 1989. - S. 79. [Negimov S. (1989) Rhythmic intonation of spontaneity in Kazakh poetry // in KN.: Research on history and semantic spontaneity. - Karaganda, 1989. - P. 79.] (in Russian)
- Austin J.L (1962) How to do things vith words. – Cambridgt 1962 (in English)
- Searle J. (1969) Speech acts Cambridgt. 1969. (in English)
- Artemov V.A. (1956) Jeksperimental'naja fonetika. – M.: 1956. – 227s.[ Artyomov V. A. (1956) Experimental phonetics. - M.: 1956 – - 227p] (in Russian)
- Peshkovskij A.M. (1959) Intonacija i grammatika // Izbrannye trudy. – M.: 1959. – 453 s. [Peshkovsky a.m. (1959) Intonation and grammar // Izbrannye Tru. - M.: 1959. – 453 p.] (in Russian)
- Ceplitis L.K. (1974) Analiz rechevoj intonacij. – Riga: Zinatne, 1974 – 270 s. [Tseplitis L. K. (1974) Analysis of speech intonations. Riga: Zinatnoye publ., 1974, 270 p.] (in Russian)
- Bondarko L.V., Verbickaja L.A., Gordina M.V. (2000) Osnovy obshhej fonetiki. – Sankt-Peterburg: 2000. – 160 s. [Bondarko L. V., Verbitskaya L. A., Gordina M. V. (2000) fundamentals of general phonetics. - Saint Petersburg: 2000. - 160 p.] (in Russian)
- Svetozarova N.D. (1982) Intonacionnaja sistema russkogo jazyka. – Leningrad: Izdatel'stvo Leningradskogo universiteta, 1982. –173 s. [Svetozarova N. D. (1982) Intonation system of the Russian language. Leningrad: publishing house of the Leningrad University, 1982. - 173 p.] (in Russian)

Bondarko L.V. (1977) *Zvukovoj stroj sovremennogo russkogo jazyka*. – M.: 1977. – 175 s. [Bondarko L. V. (1977) *Sound structure of the modern Russian language*. Moscow: 1977, 175 p.] (in Russian).

Bazarbaeva Z.M. (2002) *Qazirgi qazaq tili intonacijasynyn negizderi*. – Almaty: Kompleks, 2002. – 202 b. [Bazarbayeva Z. M. (2002) *Fundamentals of intonation of the modern Kazakh language*. - Almaty: 2002. - 202 P.] (in Kazakh)

Bajtursynov A. (1992) *Til tagylymy*. – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 b. [Baitursynov A. (1992) *Language lessons*. - Almaty: 1992. – 448p.] (in Kazakh)

Nurmahanova Ə.N. (1971) *Turki tilderdin salystyrmaly grammatikasy*. – Almaty: Mektep, 1971. – 290 b. [Nurmakhanova A. N. (1971) *Comparative grammar of Turkic languages*. - Almaty: School, 1971 – - 290 p.] (in Kazakh)

Syzdykova R. (2000) *Qazaq tilinin anyktagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy)*. – Astana: Elorda, 2000. – 532 b. [Syzdykova R. (2000) *Determinant of the Kazakh language (spelling, punctuation, word music)*. - Astana: The Capital, 2000. – 532 p.] (in Kazakh)

Negimov S. (1991) *Akyn-zhyraular tilinin bejneliligi*. – Almaty: Gylym. 1991. - 200 b. [Negimov S. (1991) *The image of the language of poets and zhyrau*. – Almaty: Science. 1991. - 200 p.] (in Kazakh)

*Besg zhyrlajdy*. (1989) – Almaty, 1989 zh. - 384 b. [Five centuries sings. (1989) – Almaty, 1989-384 p.] (in Kazakh)